

## **Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркия Республикасының Үкіметі арасындағы Түркия Республикасының Қазақстан Республикасына өтеусіз әскери көмек көрсетуі туралы ШАРТ**

Шарт Анкара қаласы 1998 жылғы 29 шілде. 1998 жылғы 29 шілдеде күшіне енді.  
*(Осы Шарт Қазақстан Республикасы үшін - қол қойылған күннен бастап, Түркия Республикасы үшін 1999 жылғы 31 тамызда күшіне енді - СІМ-нің ресми сайты)*

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркия Республикасының Үкіметі, олардың арасында қалыптасқан бұрынғы қарым-қатынастарын қуаттай отырып, 1994 жылғы 8 тамыздағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркия Республикасының Үкіметі арасындағы Әскери ғылым, техника және білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы келісім Р990065\_ және 1996 жылғы 3 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Түркия Республикасының Қорғаныс министрлігі арасындағы Әскери саладағы ынтымақтастықты кеңейту жөніндегі өзара түсіністік туралы меморандум ережелерін іске асырудың маңыздылығын мойындай отырып, әскери ынтымақтастықты нығайтуға және Қазақстан Республикасының Қару Күштерін реформалауға жәрдем көрсету мақсатында, төмендегілер жөнінде келісті:

### **1-бап**

Түркия Республикасы Қазақстан Республикасына жалпы сомасы 500 000 (бес жүз мың) АҚШ доллары көлемінде өтеусіз әскери көмек көрсетеді. Әскери көмек көрсету 1998 жылдан басталады.

### **2-бап**

Материалдар мен қызмет көрсетулер түрінде жалпы сомасы 500 000 (бес жүз мың) АҚШ доллары көлемінде өтеусіз әскери көмек көрсету Қазақстан Республикасының және Түркия Республикасының ұлттық заңдарына сәйкес жүзеге асырылатын болады.

### **3-бап**

Жалпы сомасы 500 000 (бес жүз мың) АҚШ доллары көлемінде өтеусіз әскери көмек осы Шартқа сілтеме жасай отырып Тараптардың өкілдері жасайтын атқарушы Хаттамаға сәйкес көрсетілетін болады.

Атқарушы Хаттама Қазақстан Республикасына Түркия Республикасының жалпы

сомасы 500 000 (бес жүз мың) АҚШ доллары көлемінде ұсынатын материалдары мен қызметтерінің тізімінен тұрады және осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі осы Шартқа қол қойылғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Түркия Республикасының Бас штабына Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне қажетті материалдар мен қызмет көрсетулер жазылған Тапсырысты жібереді.

#### **4-бап**

#### **О с ы Ш а р т :**

- Қазақстан Республикасы үшін - қол қойылған күннен бастап, Түркия Республикасы үшін - оны Түркия Республикасының Министрлер Кеңесі қолдаған сәттен бастап күшіне енеді.

Осы Шарт атқарушы Хаттамада көрсетілген Түркия Республикасының Қазақстан Республикасына беретін материалдары мен қызметтерінің аяқталуына дейін қолданылады.

Осы Шартты жүзеге асыру барысында туындайтын барлық пікір алшақтығы өзара консультациялар мен келіссөздер жүргізу арқылы шешілетін болады.

Өтеусіз жәрдем көрсету туралы Шартты Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Түркия Республикасының Бас штабы жүзеге асырады.

Анкара қаласында 1998 жылғы 29 шілдеде екі түпнұсқа данада, әрқайсысы қазақ, орыс, түрік және ағылшын тілдерінде жасалды.

Осы Шарттың ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінді басшылыққа алатын болады.

(Қолдары)

**М а м а н д а р :**

**Қ а с ы м б е к о в                    Б . А .**

Багарова Ж.А.